

- д) тұрғын үй және сауда- кеңсе ғимараттарының орталығында табиғи мұнай (битум) көлі сақталған қала;
- е) оңтүстік жарты шардың ең биік телемұнарасы орналасқан қала;
- ж) Түркия (Анталья, Аланья), Грекия, Испанияның және басқа да жылы елдердің оңтүстігімен бірдей ендікте орналасқан, алайда, тұрақты, бірақ ұзақ емес қысы бар қала;
- з) елдің мемлекеттік тілі ретінде ағылшын және француз тілдерінде сөйлеуге болатын мемлекеттің астанасы- қала;
- и) Екінші дүниежүзілік соғыстың кезінде Америка Құрама Штаттары мен Жапония арасындағы ең маңызды шайқастардың бірі болған, өзі тек 40 жыл бұрын ғана тәуелсіздік алған мемлекеттің астанасы – қала;
- к) соңғы он жылда мемлекеттік басқару құрылымын алмастырылған мемлекет астанасы - қала.

*Бағалау өлшемдері: әрбір дұрыс жауапқа –0,5 ұпайдан. Барлығы: 5 ұпай.*

**ЖАЛПЫ: 50 ҰПАЙ**

**ТАПСЫРМА АЯҚТАЛДЫ!**

**ГЕОГРАФИЯДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА, 2018 Ж.  
ЖАЗБАША ТУРДЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ  
11 - СЫНЫП**

**ТАПСЫРМА 1.** Есепті шешіңіздер:

**Есеп 1.** Топографиялық картада квадраттық пішіндегі орманның ауданы  $9 \text{ см}^2$ , жергілікті жерде бұл орман телімінің ауданы  $22,5 \text{ км}^2$ . Берілген планның масштабын анықтаңыз.

**Есеп 2.** А тауының шыңында атмосфералық қысым 240 мм сынап бағанасына тең, В тауының шыңында сынап бағынасы – 380 мм. Егер олардың етегінде атмосфералық қысым калыпты жағдайда болса, таулар биіктігінің айырмасын анықтаңыз.

**Есеп 3.** Масштабы 1: 1 500 000 картада А және В қалаларының арасындағы қашықтық 7 см-ге тең, масштабы 1: 2 500 000 картадағы А және С қалаларының арасындағы қашықтық – 5,2 см. А-В және А-С қалалары арасындағы арақашықтық айырмасын анықтаңыз?

**Есеп 4.** 1: 25 000 масштабтағы топографиялық планда шоссе мен шахта арасындағы қашықтық 7,2 см құрайды. Екінші планда бұл қашықтық 6 см құрайды. Екінші планның масштабы қандай?

**Есеп 5.** Х нүктесі қазіргі уақытта түн ортасы болып тұрған Атырау қаласынан 90 градус батысқа қарай орналасқан. Х нүктесінің нақты уақытын анықтаңыз.

*Бағалау өлшемдері:* әрбір дұрыс жауап үшін – 1 ұпайдан. **Барлығы: 5 ұпай.**

**ТАПСЫРМА 2.**

Төмендегі кестеде келтірілген шөлдің сипаттамасы бойынша шөлдердің атауы мен орналасқан елдерін көрсетіңіз.

№ п/п	Шөлдін атауы	Сипаттама	Орналасқан елі
1		Ауданы 446 мың км <sup>2</sup> , ұзындығы 850 км және ені 485 км-ге созылып жатыр. Солтүстігінде субтропикалық, оңтүстігінде тропикалық белдеудің құмды шөлдері түріне жатады Тағы бір атауы – Холистан шөлі.	
2		Шөлдін ауданы 155 530 км <sup>2</sup> және ежелгі темірлі қабықтың бұзылуы нәтижесінде пайда болған қиыршық таспен жабылған және докембрий тау жыныстарынан құралған үстіртте орналасқан. 1873 жылы Эрнест Джайлстың ағылшын экспедициясы ашқан.	
3		Елдің оңтүстік-батысында орналасқан. Оның аумағы 35 мың км <sup>2</sup> құрайды. Мұнда Батыс жарты шарындағы ең жоғары температура тіркелген. Аумағында әртүрлі күрделілік деңгейдегі альпинистерге арналған мыңдаған бағыттар бар.	
4		Өлемдегі ең үлкен құмды шөл. Аударғанда «бос орын» немесе «бос алап» дегенді білдіреді. Шөлдін ауданы- 650 000 км <sup>2</sup> . Құмның түсі құрамында дала шпатының болуына байланысты қызғылт сары түсті болып келеді.	
5		Барлық шөлдердің ішіндегі ең салқыны. Елдің батыс жағалауында орналасқан, ол солтүстіктен оңтүстікке 150 км дейін, батыстан шығысқа қарай материктің ішіне ене 20-100 км-ге дейін созылып жатыр. Ауданы 188 735 км <sup>2</sup> , топырағы құмды және тасты.	
6		Монғол тілінен аударғанда «сортан жер» дегенді білдіреді.	

		Ұзындығы 700 шақырымды құрайды, ені 100-ден 300 шақырымға дейін өзгереді. Ландшафттарының айқын кедейлігіне карамастан, жер қойнауында мұнай мен табиғи газдың үлкен кендері бар.	
7		Елдің оңтүстік бөлігіндегі құмды шөл. Ол солтүстікте және батыста Гильменд өзенімен, оңтүстігінде Чағай тауларымен, шығысында Кветто-Пишинск үстіртімен шектеледі. Бұл бекітілген құмды жоталар, жылжымалы құм төбелер (60 м биіктікке дейін) кең ауқымда дамыған, жайпақ көлбеу жазықтық. Ауданы шамамен 40 000 км <sup>2</sup> құрайды.	
8		Бұл әлемдегі ең ежелгі шөл деп саналады. Ауданы 100 000 км <sup>2</sup> -ден асады. Бұл шөл Атлант мұхиты жағалауы бойында 1900 км дейін созылып жатыр. Ол мұхиттан континентаралық үстірттің етегіне дейін 50-ден 160 км қашықтыққа дейін құрлыққа терең еніп жатыр.	

**Бағалау өлшемдері:** әрбір шөл атауын дұрыс анықтағаны үшін – 1 ұпайдан (8 ұпай); шөлдердің орналасқан елін дұрыс анықтағаны үшін–0,5 ұпайдан (6 ұпай). **Барлығы: 14 ұпай.**

### ТАПСЫРМА 3.

1) Төменде Қазақстанның геологиялық картасы берілген (сурет 1). 1-7-сандарымен көрсетілген Қазақстан аумағы жер бедерінің пайда болу кезеңдерін анықтаңыз.


2) Палеоген, неоген және төрттік кезеңдер қандай дәуірлерге бөлінеді? Кайназой мұздық эрасының ең күшті мұзды кезеңі қай дәуірге тән?

3) 2-суреттегі колденен тік қимадағы катпарлар түрлерін олардың атауларымен сәйкестендіріңдер – қорап тәріздес, сұлама, төңкерілген, тік, изоклиналды, флексура, тарак тәрізді, көлбеу, өткір-бұрышты; желпуіш тәрізді



Сурет 1 – Қазақстанның геологиялық картасы





Сурет 2 – Қатпарлар пішіні (көлденең тік қимада)

**Бағалау өлшемдері:** жер бедерінің пайда болу кезеңдерін дұрыс анықтағаны үшін – 1 ұпайдан (7 ұпай); дәуірлерді дұрыс анықтағаны үшін – 0,5 ұпайдан (4 ұпай); қатпарлар пішіні мен олардың атауларын дұрыс сәйкестендіргені үшін – 0,5 ұпайдан (5 ұпай).  
**Барлығы: 16 ұпай.**

**ТАПСЫРМА 4.**

Аумақтың ұсылынып отырған телімдерінде бірыңғай класқа жататын инфрақұрылымның бір нысаны орналасқан. Бұл қандай нысандар класы (типі) екенін анықтап, алты жағдайдың әрбіріндегі олардың атауын анықтаңыз. Өзінің әрекетін басқалардан ерте бастаған нысан мен 2016 жылы ғана іске қосылған нысанды атаңыз.

А)

Б)





**Бағалау өлшемдері:** Нысанның класын анықтағаны үшін – 2 ұпай; атауы мен орналасқан елін анықтағаны үшін –1 ұпайдан (6 ұпай); ең ерте және ең кеш қолдануға берілген нысанның атауын дұрыс анықтағаны үшін –1 ұпайдан (2 ұпай). **Барлығы: 10 ұпай.**

#### ТАПСЫРМА 5.

Сіз өзіңізді Фиджи (Нади) аралдары республикасының ең ірі аэропортында тұрмын деп елестетіңіз. Аптаның әртүрлі күндері мен жыл мезгілдерінде одан елдердің келесі қалалары (елді мекендері) мен әлемнің аумақтарына бағытталған ұшақтар ұшады:

*Сеул, Брисбен, Нумеа, Тарава, Окленд, Крайстчёрч, Веллингтон, Порт Морсби, Порт-Вила, Атия, Фунафути, Нукуалофа, Бандар-Сери-Бегаван, Хониара, Аделаида, Сидней, Сува, Гонконг, Лос-Анджелес, Джакарта.*

Төменде әріптермен көрсетілген шарттардың біреуін орындай отырып, жоғарыда аталған елді мекендердің біреуіне ауысусыз ұшу бағытын таңдаңыз. Елді мекен атауын көрсетіңіз:

- а) еуропалық елдердің біріне тиесілі аумақ;
- б) бір мезгілде барлық төрт жарты шарда орналасқан (тәуелді аумақты есептемегенде) әлемдегі жалғыз мемлекет;
- в) халықаралық антарктикалық орталық орналасқан қала;
- г) қасында әскери-теңіз базасы орналасқан қала;